№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

Ересек «Жауқазын» тобы

# «Төрлет, құтты жаңа жыл!»

Тәрбиешілер: Сабанбаева Э.

Қалтаева А.

Музыка залы мерекеге сай безендірілген.
Шығу (Балалардың екі қолында жылтырақ 4-қатарға бөлініп тұр)

**1-топ**

Әмина
Мадикош
Радия
Ислам
Карима

**2- топ**

Илья
Мая
Бекарыс
Айдын
Ж.Інжу

**3-топ**

Лиза
Яромир
Самина
Ердаулет
М.Інжу

**4- топ**

Айсана
Әділхан
Тәуекел
Милана
Заңғар

Осы қатармен залға 5-еуден шығып тұрады. Өлең шумағын айтады. (Қаз)

Бәрі бірге: «Қала нұр, дала нұр
Құтты болсын жаңа жыл»

Қолдарынан жылтырақты ала береміз балалар елканы айнала шеңберге тұра береді. Осы кезде ән айтады.

Ән: «Қуант бізді таңырқат
Шамдарыңды жарқырат».

Ән айтылып болған соң балалар орындыққа отырады.
**Мен:**Жаңа жыл бақыт, шаттық, қуаныш, құт береке ала келсін! Жаңа жылда ырыстарыңыз көп болып, табыстан табысқа жете беріңіздер. Мерейлеріңіз үстем, беделдеріңіз биік, абыройларыңыздың асқақ болуына тілектеспін.
**Радия:** Жаңа 2020 жыл жаңа нұр ала келсін,
Қуанышқа құшағымыз тола берсін
Ескі жыл есіркеп көкейіңде
Қимас шақтың бірі боп қала берсін! – дей келе Жаңа жыл мерекесіне арналған «Төрлет, құтты жаңа жыл!» атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.
Осы кезде сағат 12 соғады. (музыкамен)
Залға әже кіреді:
**Әже: (Айман)** Е,е,е тағы бір жаңа жыл келді, биылғы тышқан жылы бәрімізге жақсылық ап келсін. Жаңа 2020 жоспарларыңыз іске асып, тілектеріңіз орындала берсін!
**Мен**: Әже құттықтауыңызға рахмет. Әже сізде барлық әжелер сияқты ертегі білетін боларсыз. Мына шыршаның жанына жайғасып, біздің балаларға жаңа жылдық ертегі айтып беріңізші.
**Әже:** Олай болса мен сендерге «Алладиннің сиқырлы шамы» туралы ертегі айтып берейін.
Әже ертегіні айта бастайды. Бір бақшаға тап болыпты дегеннен кейін;
**Мен**: Әже ертегіңіз қызық екен, ертегіні одан әрмен тыңдамас бұрын біздің бишілеріміздің биін тамашалап алайық.
**Би: «Хулиганец»**
Әділхан Айсана
Заңғар Милаш
Илья Әмина
Ердаулет Лиза
Яромир Мая
Ислам Самина
Би аяқтала бергенде залға Алладин кіреді.

**Алладин**:Сәлеметсіңдер ме, балалар,
Жаңа жыл құтты болсын!

**Мен:** Сіз өзі мұнда неғып жүрсіз.

**Алладин:** Сендерді жаңа жылмен құттықтауға келдім.

**Мен:** Олай болса Алладин мырза сенде бізбен бірге шырша мерекемізге қатысып бізбен бірге ән сал.

**Ән: «Шыршаға бардық»**

Ән айтылып біткен соң Алладин шыршаның артынан сиқырлы шам тауып алады. Шамды қолына ала бергенде ішінен Джин шығады.

**Джин:**Уа-ха-ха-ха-ха не деген тар қапас мынау 300 жыл жаттым ғой ішінде. Балалар сендерге рахмет. Қане айтыңдаршы сендердің қандай тілектерің бар?

**Мен:** Біз балалармен жаңа жылдық мерекені тойлаудамыз, ал жаңа жылдың сәні шыршамыздың шамдары әлі жанбай тұр. Соны жағып берсеңіз.

**Джин:** Олай болса қане менімен бірге барлықтарың сиқырлы сөзді айтыңдар. 1,2,3 жасыл шырша жана түс.

**Мен:** Балалар шыршамыз бізді естімей тұр, қане бәріміз бірге бір дауыспен айтайық.

1,2,3 жасыл шырша жана түс.

Шырша жанады.

**Джин**: Міне балалар, шырша шамдары жанды тағы қандай тілектерің бар?

**Мен**: Жаңа жылдың көркі Аяз ата мен Ақшақарды шақырғымыз келеді.

**Джин:** Ол үшін бәріміз бірге Аяз ата Ақшақар деп дауыстап шақырайық.

**Мен**: Қане балалар Аяз ата Ақшақар.

Осы кезде Джин шыршаның артынан ойыншық аязатаны алып шығады.

**Мен**: Жоқ Аяз ата бұл емес қой.

Джин: Ә олай болса бұл Аязатаны тоңазытқышқа сап қояйын. Аяз ата мұзды жақсы көреді. Бізге сонда Аяз ата Аяз болып келеді.

Мен: Құрметті қонақтар Аяз атамыз келгенше біздің биші балаларымызды үнді бимен қарсы алыңыздар.

**Би: «Индиский»**

| | |
|---|---|
| Айдын | Мадикош |
| Ж. Інжу | Тәуекел |
| Радия | Бекарыс |
| М. Інжу | Ислам |
| Карима | Ердаулет |
| Айару | Заңғар |

**Алладин:** Жаңа жыл мерекесі керемет болып жатыр, енді Аяз ата келсе жарар еді.

**Джин**: Суф, суф Аяз ата келіңіз

**Мен**: Балалар қане бәріміз Аяз атаны шақырайық. АЯЗАТА; АЯЗАТА.

Осы кезде залға Аяз ата шығады.

**Аяз ата**: Амансыңдар ма балғын бөбектерім. Мен сендерді сағынып келдім. Жылда мені асыға күтетіндеріңді білемін.

**Мен:** Қош келдіңіз, біз сізді күтіп отырмыз, жылдағыдай жай келмей бұл жылы да сыйлықтармен келген шығарсыз.

**Аяз ата:** Сыйлық демекші мен сыйлықтарды ұмытып кетпейін деп Ақшақарға табыстап едім. Менің Ақшақар қызым келген жоқ па?

**Мен**: Жоқ келген жоқ, енді не істедік? Бұл жылы балалар сыйлықсыз қала ма?

**Аяз ата**: Саспаңдар, мұңаймаңдар менің таяғым сиқырлы ғой, қазір ортаға ақшақарды шақырамын.

Келші, келші, Қарша қыз
Күтеміз сені баршамыз

Осы кезде музыкамен Ақшақар шығады.

**Ақшақар**: Сәлеметсіңдер ме балалар! Аяз ата кешіріңіз, мен адасып кетіппін. Мені бір сиқырлы күш осында жетелеп әкелді.

**Мен**: Балалар міне ортамызға Ақшақарда келіп қосылды олай болса біздің қыздарымызды Ақшақар бимен қарсы алайық.

**Би: «Ақшақарлар»**
Айару
Карима
Ж.Інжу
Самина
Әмина
Милаш
**Мен:** Балалар міне Аяз атамыз Ақшақарымыз ортада олай болса қане бәріміз бір би билеп берейік.
**Би: «Флешмоп»**
**1-топ**
Айсана
Әділхан
Тәуекел
Милана
Заңғар
**2-топ**
Лиза
Яромир
Самина
Ердаулет
М.Інжу
**3-топ**
Илья
Мая
Бекарыс
Айдын
Ж.Інжу
**4- топ**
Әмина
Мадикош
Радия
Ислам
Карима

**Мен:**Жарайсыңдар балалар. Балалар енді тура осылай тұра қаламызда Аяз атаға тақпағымызды айтып сыйлығымызды алайық.

Балалар тақпақтарын айтады.

Міне осымен жаңа жылдық ертеңгілігіміз аяқталды.

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

# «ҚОШ КЕЛДІҢ ӘЗ НАУРЫЗ»

Тәрбиешілер: Сабанбаева Э.

Артыкова А.

Зал мерекеге сай безендірілген.

Әуен ырғағымен залға Бай мен Бәйбіше шығады. Залды бір айналып шығады.

Бай: Ассалаумағалейкум ұлыстың ұлы күні құтты болсын.

Бәйбіше: Наурыз мерекесі құтты болсын ақ мол болсын, байеке бүгін мереке мерекеге біздің немерелерімізг той тойлауға осында ауылға келмекші.

Бай: Олай болса дастарханыңды жаса, камдан наурыз көжеңді дайында.

Бәйбіше: Мен бүгін жұмыс жасамаймын. Мен ауылдың үлкенімін. Келіндерге айтып жасата қояйын.

Бай: О,оо бәйбіше жасап жүрген дастарханыңды өзің ақ жасай берші. Қойшы сондайыңды.

Бәйбіше: Олай болса қонақтарды қарсы алайық.

(Осыдан кейін балдар қатармен залға шығады)

Шығу:

**Ұлдар** **Қыздар** Жанерке, Улан, Шұғыла, Лэйлім

Костя

Асылжан

Нурдаулет

Богдан

Айсұлтан

Батухан

Дастан

Алихан

Ершора

Аңсар

Олег

Жүргізуші: Қазақтың жаңа жылы – 22 Наурыз Ұлыстың Ұлы күні баршаңызға құт – береке, ырыс-несібе, мол бақыт әкелсін. [illegible]

талға өз орамалымды байлап қояйын. Өсе берсін, өне берсін , армандарымыз орындала берсін деген ниетпен байлап қойдым. Балалар сендерген наурыз мерекесі ұнай ма? Қонаққа барғыларың келе ме?

Балалар: Ия

Тәрбиеші: Олай болса көрші ауылға қонаққа барамыз. Қонаққа бармас бұрын Наурыз мерекесіне арналған тақпақтарымызды айтайық.

**Асылжан:**

Наурыз келді алақай,

Кел билейік балақай

Бізде қарап тұрмайық

Тойға шашу шашайық.

**Улана:**

Наурызбен құттықтап

Алыс жақын қауышты

Көктемдегі жарқын сәт

Көңілдерге ауысты.

**Жанерке:**

Наурыз келді нұр келді,

Түгел аймақ түрленді.

Бақшадағы апайлар,

Тойға әзір боп үлгерді

Жақсы ма ата халіңіз?

Менің атым наурыз

Балдай тәтті сары уыз

Алып келдім алыңыз.

**Олег:**

Наурыз бұл мереке

Құтты болсын береке

Қыдыр ата келсин

Жақсы тілек әкелсін

**Ләйлім:**

Қыс өтіп қар кетіп

Шырайлы жаз жетіп

Шаруаның кенелген

Мейрамы ежелден

Құтты болсын Наурыз

**Айсұлтан:**

Наурық тойы тамаша

Наурыз тойы жаңаша

Табиғат та тамаша

Тамылжытып тұр жараса

**Ерасыл:**

Көктем келді балақай

Жасарды жер алақай

Наурыз тойын тойлайық

Әсем әнге салайық

**Алихан:**

Наурыз тойы елдің тойы

Көктем тойы төлдің тойы

Ән айтатын күні бойы

Жақсы көрем Наурыз тойын.

**Костя:**

Наурыз тойы тамаша

Наурыз тойы жаңаша

Табиғатта тамаша

Наурыз, Наурыз, Наурыз.

**Ершора:**

Наурыз самал, наурыз таң

Әсем әуен сазды ән

Қыз бозбала қыдырған

Жасыл желек, көк аспан.

**Шұғыла:**

Наурыз жауын, наурыз сән

Қалың орман ұйқысынан оянған

Сағынышпен қауыштырған жұптарды

Жылдың басы он екі айда тоғысқан

**Дастан:**

Той думанға келіңіз

Тамашасын көріңіз

Ән айтайық бәріміз,

Қол соғайық бәріміз

**Аңсар:**

Той думанға келіңіз

Тамашасын көріңіз

Ән айтайық бәріміз,

Қол соғайық бәріміз

**Богдан:**

Наурыз – бұл мереке

Құтты болсын береке

Қыдыр ата келсін

Жақсы тілек әкелсін

**Нурдаулет:**

Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме

Байлық бақыт тілеймін

Бүкіл қазақ еліне

**Батухан:**

Бата беріп атамыз,

Бата беріп анамыз.

Тәтті болып жасалған

Наурыз дәмін татамыз.

**Ән**: «Құтты болсын- Әз Наурыз!»

Құтты болсын Наурыз жылдың басы,

Самарқанның еріді бүгін тасы,

Жиылған жұрт көрісіп, тілек айтып.

Бата сұрар үлкеннен ауыл жасы

Қ/сы

Наурыз, наурыз халәләку-ләйлім

Наурыз, наурыз лиләләку-ләйлім

Ұлыс күні оң болсын

Дастарханың мол болсын

Құтты болсын әз Наурыз!

Ақ түйенің қарны жарылған күн

Өкпе, нала болса егер арылған күн

Наурыз көже әр үйден дәмін татып

Ақ дастархан кеңінен жайылған күн.

**Бай**: Ал қонақтар төрлетіңдер, отыра қойыңдар.

**Бәйбіше**: Байеке мына жақтан аттың дүбірі естіліп жатыр, бізге тағы қонақтар келе жатыр.

**Бай:** Солай ма бәйбіше, ия ия менде көріп тұрмын .

**Бәйбіше:** Байеке қонағымыз келгенше мен мына жерді бір аластап жіберейін. Алас-алас, алас бәлекеттен қалас, жамандықтан алас, жамандық жерге алас, жақсылық көктен келсін, алас, алас, алас.

Осы кезде залға әуен ырғағымен Алдар көсе шығады. Қолында домбырасы бар әндетіп Мен алдармын, алдармын

Шайтанды да алдармын,

Сақал түгіл мұртым жоқ

Онда неге шалдармын

Е, е, е, е, е, е.

Амансыздар ма көпшілік, амансыз ба байеке. Наурыз құтты болсын.

**Байеке:** Қош келдің біздің ауылға.

**Алдар көсе**: Байеке өткенде бір қалжыңдап едім ренжіп қалған жоқсыз ба?

**Байеке**: Наурызда бәрін ұмытып, кешіретін күн емес пе. Қане құшақтасады.

**Алдар көсе:** Байеке столды жайнатып қойыпсың бірақ наурыз көже көрінбейді ғой.

**Бай**: Бәйбішем қазір пісірейін деп жатыр.

**Алдар көсе:** Балаларға қарап, балалар сараңдарды қараңдаршы наурыз көже пісірмепті. . Қазір қараңдар мен бұл сараңдарды қатырайын. Байеке менде бір сиқырлы ожау бар. Құр судан дәмді наурыз көже дайындап береді. Көрсетейін бе сізге? Бәйбіше қазан қайда?

**Бәйбіше:** Міне казан. Қандай керемет құр судан наурыз көже дайындап берсе.

**Бай**: Наурыз көже дайындайтын затымыз өзімізде қалды дұрыс болды, тегін көже ішетін болдық.

**Алдар көсе**: Байеке қазанға су құйып қойдым, су қайнай тұрсын.

**Жүргізуші**: Олай болса су қайнағанша біздің балаларымызбен бір ойын ойнап алайық.

Балалар арқын тартыс ойынын ойнайық. Қане ұл балалар ортаға шығып екіге бөлінейік бір жақ шетінде бай, ал екінші шетінде Алдар көсе болсын. Ал қыздар қошеметтеп отырайық.

**Алдар көсе**: Қазанға жақындап, байеке менің суым қайнап қапты мына суға қойдың еті болса байеке керемет наурыз көже болайын деп тұр.

**Бәйбіше**: Үйде етте жоқ ешнәрсе жоқ.

**Бай**: Әй кемпір соғымның еті тұр ғой, бер Алдарға дәмді наурыз көже дайындап жатыр ғой.

**Бәйбіше**: Бір көрсе коймайды, ал берейін сүрленген еттен азырақ.

**Алдар көсе**: (Етті қазанға салып) енді ет қайнасын, (орнынан тұра бере) мына жақтан бір дауыс естіліп тұр.

Осы кезде әуен естіледі.

**Бәйбіше:** Ойбуу мына көрші ауылдан апам келем деген еді, ал балалар сендерге әже болады, міне өзі де келе жатыр. (Осы кезде кимешек киген әже шығады ортаға).

**Әже:** Балалар наурыз құтты болсын, ақ мол болсын, қайда барсаңдар да жол болсын.

**Бай:** Қош келдіңіз үлкен әже. Наурыз құтты болсын.

**Әже:** Ой мұнда алдар да жүр ғой.

**Алдар көсе**: Ой мен тығылып тұрмын ғой сізден. Наурыз құтты болсын.

**Бай:** Әй бәйбіше үлкен әжеміздің келгенін пайдаланып немереміздің аузына түкіртіп алайық және, тілашар рәсімін де жасап алсақ.

**Бәйбіше**: Е,е дұрыс болды, мына ойың дұрыс болды ғой, немереміз әжемізге ұқсаса жаман болмас.

**Алдар көсе**: Мен де көмектесіп жіберейін. Өскенде мен сияқты жылдам, пысық болсын

**Жүргізуші:** Балалар қазір әжеміз аузына түкіру, және тілашар рәсімін жасайды. Әрбір ата-ана баласының бойынан жақсы адамдарға ұқсағанын көргісі келген. Міне сол себепті де «аузына түкіруді» сұраған. Ал тілашар рәсімі балалар «тілі тез шықсын» деген ниеттен туындаған. Олай болса ортаға әжімізбен баланы ортаға шақырайық.

**Әже:** Балалар ең алдымен баламыздың аузына түкіріп берейін. Мен ұқсап жүре берсін. Ал енді баламыздың тілі тез шықсын деп қойдың тілін жегізіп, батамды беріп жіберейін.

Сандуғаштай сайрап кет,

Жиреншедей көсем бол.

Жәнібектей көсем бол!

Ал енді немерелерің маған ұқсаған пысық болады. Тілі тез шығады.

**Алдар көсе:** Ай байеке мына көженің дәмін көріп жіберейін. Байеке мына көжеге азғана құрт пен май болса ғой тіптен керемет болар еді.

**Бай:** Ай бәйбіше бер алдардың сұрағандарын.

**Бәйбіше**: Әй алдар сен өзіміздің заттардан жасап жатсың ғой көжені.

**Бай:** Бүгін мереке бәйбіше бер сұрағандарын.

**Жүргізуші:** Алдар көсенің көжесі дайын болғанша біздің қыздардың биін тамашалап алайық.

**Би.** «Домбыра» Жанерке, Улан,

Шұғыла, Ләйлім

**Алдар көсе**: Ой қандай керемет биші қыздар керемет билейді екен. Мен көжемнің дәмін көріп жіберейін тағы.

**Бәйбіше**: Алдар ау сенің көжең бүгін пісе ме өзі.

**Алдар көсе:** Көжеме түрлі дәнді дақылдар болса ғой қатып кететін еді.

**Бай**: Бәйбіше бер алдардың сұраған дәндерін.

**Бәйбіше**: Алдар ау мен өзім енді отырғанда.

**Алдар көсе**: Әй бәйбіше сен отыра берші сен көрсетсең мен өзім ала берем ғой.

**Бәйбіше:** Ай байеке бүгін тағы алданайын деп отырмыз ау осы.

**Алдар көсе**: Қайдағы айттым ғой мендегі сиқырлы ожау деп.

**Жүргізуші**: Алдардың көжесі дайын болғанша біздің ұл балдардың биін тамашалап алайық.

Костя

Асылжан

Нурдаулет

Богдан

Айсұлтан

Батухан

Дастан

Алихан

Ершора

Аңсар

Олег

**Алдар көсе**: Көженің дәмін көрейін, ай, ай, айран болса ғой.

**Бай:** Бер бәйбіше.

**Бәйбіше**: Байеке ау бүгін жомарт боп кеттіңіз ғой.

**Бай:** Молшылық болсын, тоқшылық болсын ештеңе аяма бер сұрағандарын.

**Алдар көсе**: М, м, м наурыз көжем дәмді болды. Байеке менің сиқырлы ожауымнан дайындалған наурыз көженің дәмін татып көр.

**Бай:** М, м, м қандай дәмді көже. Ай, ай тіл үйіреді.

**Алдар көсе:** Көрдің бе байеке менің сиқырлы ожауымды құр судан наурыз көже дайындағанын.

**Бай**: Ай алдеке менде саған бір ұсыныс боп тұр.

**Алдар көсе:** Қандай ұсыныс.

**Бай**: Алдар ау бүгін мейрам ғой адамдарды ренжітуге болмайды ғой. Мына сиқырлы ожауыңды маған сатшы. Орнына қалағаныңды ал.

**Алдар көсе**: Жарайды онда мен жаяу жүріп шаршадым. Маған бір ат мінгізсеңіз сиқырлы ожауымды бере салатын едім.

**Бай:** Ат деген сөз боппа қора тола жылқы малы. Қазір біреуін әкеліп мінгізейін. (Бай залдан жүгіріп шығып кетеді)

**Алдар көсе**: Балалар сараң байды қатырдым ия.

(Бай залға ат мініп шығады).

**Бай**: Қорамдағы ең жүйрік ат ала ғой алдар.

**Алдар көсе**: Менің де ожауым жай ожау емес еді қоймай тұрсыз ғой берейін енді. Мереке күні сізді ренжіткім келмей тұр. (Алдар ожауды байға беріп өзі атты мініп) Ал Наурыз мерекесі тағы құтты болсын. Ал сау болыңдар балалар. Келесі жылы Наурыз мейрамында кездескенше. (Залдан атқа мініп шығып кетеді)

Бай: Ал балалар мен сендерге енді күнде дәмді көже пісіріп беремін. Алдардың сиқырлы ожауын алдап алып қалдым.

Бәйбіше: Ай байеке сіздіАлдар тағы да алдап кетті ғой. Ай ойлансаңызшы көжеге барлық затты өзіміз бердік қой.

Бай: Ай, ай ақымақ басым ай тағы алданып қалдым ау.

Бәйбіше: Қоймадыңыз ғой сұрағандарын бер деп. Мен сезіп ем. Ай, ай, ай.

Жүргізуші: Байеке қамықпаңыз бүгін мереке ғой. Қане барлықтарыңыз біздің топқа балалармен бірге барып Алдардың Наурыз көжесінен дәм татайық. Осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.

**№53 «ЕР-АСЫЛ» БӨБЕКЖАЙ–БАҚШАСЫ МКҚК**

**Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы**

# ЕРТЕҢГІЛІК

## «Алтын күз,әсем айналам,
## Еліне береке сыйлаған»

**Тәрбиешілер:Сабанбаева Э.С**

**Артыкова.А.А**

Шығу: **Дастан Мариям**

**Батыр Асия**

**Мағжан Жания**

**Абдумалик Полина**

**Ерасыл, Нүргелді, Руслан, Асылжан, Батыр, Фахридин.**

(осы балалар музыка әуенімен залға кіріп билеп жартылай шеңберге тұрады).

**Тәрбиеші**: Армысыздар ағайын!

Бүгін біз жыл мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Бұлттар төгіп жерге шөгіп,

Дымқыл тұман басады,

Шөп сарғайып, өңі тайып,

Дала сұры қашады.

Бой жаза алмай, ойнай алмай,

Денең мұздап тоңады.

Ал балалар, айтыңдаршы

Бұл қай кезде болады?

**Балалар:** КҮЗ мезгілінде.

Ендеше күз мезгіліне арналған ертеңгілігімізді бастаймыз.

Олай болса күз мезгіліне арналған тақпақтарымызды айтайық.

**Д. Батухан.**

Келді міне күз,

Айнала сары түс.

Керемет, тамаша,

Қандай әсем күз.

**И. Асылжан**

Жердің көркі қашады,

Таулардан бұлт асады.

Қайтып күннің қызуы,

Шөпті қырау басады.

Мүлгиді сай - саламыз,

Біздің жомарт даламыз.

**Ж. Мариям.**

Көбейді құт береке,

Астық толы қамбамыз,

Құтты болсын мереке.

Алтын күзді тойлаймыз.

**В. Полина.** (өзі айтады)

**М. Абдумалик**. (өзі айтады)

**Тәрбиеші:** Балдырғандар бүгінгі

Еркелігін тастайды.

Күз туралы сіздерге

Әндерін бастайды.

**Ән:** «Алтын күз»

(Ән айтылып болған соң, қыздарға түгел қызыл көйлек кигіземіз).

**Тәрбиеші:** Қанекей балалар орнымызға отырайық, мен сендерге бір жұмбақ жасырамын сол жұмбақтың шешуін тапсаңдар көптен күткен қонағымыз келеді.

Ал, балалар, балалар,

Енді бері қараңдар.

Бізге қонақ келмекші

Сендерді сынап көрмекші

Әуелі жұмбақ жасырам,

Құлығымды асырам

Таба алсаңдар шешімін

Қонағымды ортаға шақырамын.

Көк майсалы көрікті,

Алқаптағы көп егін,

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін.

Бұл не балақайлар?

**Балалар:** КҮЗ.

**Тәрбиеші:** Я дұрыс балалар.

Жапқандай жапырағымен айналаны,

Қуантып байлығымен халқымды,

Бір қуантып қайту үшін біздерді

Сабырлы сары алтын күз келді

Біз сізді күтудеміз Алтын күз.

Әрине ортаға ендеше күз ханшайымын шақырайық.

(Музыка әуенімен ортаға Күз ханшайымы шығады)

**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіңдер ме балалар,сендер бүгін қандай әдемі болып кеткенсіңдер. Мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім.

**Тәрбиеші:** Олай болса күз ханшайымы біздің балалар сізге арнайы би дайындапты балалармен бірге сізде ортаға шығып би биленіз.

**Би**: «Алтын күз»

Асия, Мариям, Полина, Жания.

Ерасыл, Мағжан, Асылжан, Батыр.

**Күз ханшайымы**: Ой балалар рахмет, өнерлі екенсіңдер. Ал енді менімен бірге ойын ойнауға калай карайсыңдар.

Ойын: «Көкөністерді жинау.»

Ойын шарты: Ойын шарты бойынша балалар екі командаға бөлініп алайык. Бұл жерде хоккей таякшасымен жерде жаткан көкөніс пен жемістерді сырғытып апарып себетке жинаймыз.

Ал енді Асылжан мен Мариямнын орындауында «Әнгелек» әнін кабыл алыңыздар.

**Тәрбиеші**: Күз ханшайымы біздің балалар «Қырманға кел» биін орындап берсін.

Би: «Қырманға кел»

(Қыздардың колында жапырақ ал ұлдардың қолында орақ)

Дастан, Батыр, Ерасыл, Мағжан,

Асия, Мариям, Полина, Жания

Тәрбиеші: Ал енді балалардың тақпағына кезек берейік.

**О. Батыр.**

Нұрға бөлеп өмірді,

Жырға бөлеп көңілді.

Жаркыраған сәулелі,

Күз әуені төгілді.

**С. Фахридин.**

Алтын күз, Алтын күз

Күтеміз сені біз

Төріміз сіздікі келіңіз,

Келіңіз.

**С.Дастан.**

Дәнін жиып алған соң,

Жатыр үнсіз сары аңыз

Ызғарлы жел қатайды,

-Мұны күз деп атайды.

**Т.Ерасыл.**

Қарашы күз келді күз келді,

Жапырақ жауыпты іздерді

Құс біткен керуен тізеді,

Қара бұлт қабағын түйеді.

**А. Асия.**

Алтын сары, қызыл көк,

Алуан-алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап.

**С.Жания**.

Қоңыр салқын тарады,

Қойнаулар мен сайлардан,

Қаздар қайтып барады,

Қайтқан елдей жайлаудан.

**М. Нүргелді.**

Нұрға бөлеп өмірді,

Жырға бөлеп көңілді.

Жарқыраған сәулелі,

Күз әуені төгілді.

Тәрбиеші: Ал енді ұл балаларымыздың биін қабыл алыңыздар.

Би: «Қозықұйрық»  (Барлығы.)

Күз ханшайымы: Балалар сендер өте өнерлі балалар екенсіңдер, келесі жылы тағы да кездескенеш сау болыңдар.

**Тәрбиеші:** Осымен ертеңгілігіміз аяқталды.

№ 53 «Ер -Асыл» бөбекжай бақшасы

Мектепалды даярлық «Қызғалдақ » тобы



# ЕРТЕҢГІЛІК

## Тақырыбы: «Төрлет, төрлет Жаңа Жыл»

Тәрбиешілер: Сабанбаева Э. С.

Артықова А. К.

2021 жыл.

Музыка залы Жаңа Жылдық мерекеге сай безендірілген.

**Жүргізуші:** (жүргізушінің дауысы тыс жерден шығады). Тезірек, тездетіп мұнда жиналыңдар. Басталады Жаңа жылдық карнавал, ән де бар, би де бар, асығыңдар, шырша жанында қонақтарды қарсы алыңдар. Басталады, басталады, жаңа жылдық карнавал! Карнавалдың иелерін қарсы алайық!

(Осы кезде сахнаға бір адам шығады).

Баяғыда бір жақсы адам өмір сүріпті. Өзі жомарт, қайырымды, әрі асқан ақылды адам екен. Жасы жүзге жеткенде әлгі адам қатты сырқаттанып (ауырып) қалыпты. Ажалды күтіп бүк түсіп үйде жатқанда, бір күні оның есігін біреу тақылдатып қағыпты. «Бұл кім?» деп сұрапты жақсы адам. «Мен – Махаббатпын, саған көмектесейін деп келдім, есігіңді аш» - депті қонақ. Жақсы адам оған: «Махаббат, сенің маған керегің жоқ, көмектесе алмайсың, рахмет, қайта бер» деп, есікті ашпапты. Біраздан соң, есікті тағы біреу тақылдатыпты. «Кімсің?» деген сұраққа ол: «Мен – Байлықпын! Сендей жақсы адамға көмектесуге келдім. Ауруыңды емдей алам ба?» деп жауап беріпті. Жақсы адам:«Рахмет, Байлық, сен маған керек жоқсың енді» деп, есікті ашпапты. Біраздан соң, тағы біреу ақырын ғана қағыпты. «Кім бұл?» деп сұрапты жақсы адам. «Мен- Денсаулықпын, парасатты адам!» - депті есіктің сыртындағы қонақ. Жақсы адам сүйретіліп барып, есікті ашып жіберсе, ар жағында үш жігіт тұр дейді. «Денсаулық, сен біреу емессің бе? Мыналар кім?»- деп таң қалыпты жақсы адам. Сонда: «Денсаулық болған соң, біз де боламыз ғой міндетті түрде» деп, Байлық пен Махаббат жымиып күліп, Денсаулықтың екі қолынан ұстап, босағадан кіріп келе жатыпты.

**Жүргізуші:** Құрметті достар, Жаңа жылда бәріңіздің шаңырағызға дәл осылай Денсаулық, махаббат және байлық үшеуі бірдей қол ұстасып кіріп келсін және ешқашан қайтып шықпасын!

**Жаңа жыл құтты болсын!**

(Ортаға Мариям шығады)

**Ж. Мариям.**

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін
Бәрімізге мына жыл арайлы!
Құтты болсын ағайын!
Жаңа жылың тағы да
Қол соғып қарсы алайық

Шаңырақтың ортасы

Ертегілер басталсын ... «Қызғалдақ» деген тобында

Балалар залға музыка әуенімен кіреді.

**Жүргізуші:** Қалаймыздың қандай әдемі болып шыққанын. [illegible] жайнап тұр. Неге екен [illegible] балалар шыршамызға арнап [illegible] берейікші.

**Ән:** «Шыршаға барамыз»

**Жүргізуші:** Балалар шыршамыздың шамы әлі де жанған жоқ. [illegible] балалар шыршамызға арнап [illegible] бір билеп берейік, қалай болар екен шыршаның шамы жанып қалар.

**Би:** «Тик-так»

Би билеп болған соң шыршаның шамы жанады, ал балалар орындарына отырады.

**Жүргізуші:** Ал, бүгін балалар, қандай мереке?

**Балалар:** Жаңа Жыл!

(Осы кезде сахнаға Аязшақар билеп кіреді.)

**Аязшақар:** [illegible]

Балалар: Иә

**Аязшақар:** Балалар, кане барлық бірге Аяз Атаны шақырайық.

**Балалар:** Аяз Ата

**Аязшақар:** [illegible]

[illegible]

**Аяз:** [illegible]

**Аязшақар:** [illegible]

**Аяз:** [illegible]

**Ақшақар:** Жоқ маған Аяз-Атаны табу керек, оны балалар тосып отыр.

**Аю:** Мен сені ешқайда жібермеймін, екеуміз жаңа жылды бірге тойлаймыз. Ал қазір кішкентай гномдарды шақырайық, олар бізге билеп береді.
**Жүргізуші:** Олай болса біздің кішкентай гномдарды қарсы алайық.

**Би: «Гномдар»**

**Билейтіндер:** Дастан, Мағжан, Богдан, Али, Қайрат, Фахридин, Рамазан.

**Ақшақар:** -Балалар мен аюды қалай алдасам екен а. Аю мен балаларға тәтті тоқаштар пісіріп әкелейін. Ал сен байқа тоқаштарымды жеп қоймай бәрін балаларға беретін бол.

**Аю:** Жарайды мен орманға барып ағаш жарып әкелейін.

**Ақшақар:** Мен мына жәшіктің ішіне тығылып қалайын, ал тоқаштарымды басыма қоямын. Мен болсам үлкенмін, ал мынау жәшік кішкентай, енді қалай сиямын. Таптым менде сиқырлы таяқшам бар. Бірақ ол үшін кішкентай ақшақарлармен мен бір билеуім керек. Сонда мен кішкентай ақшақарлар сияқты кішкентай болып қаламын.

Менің әсем үлпаларым,

Маған ұшып келеді.

Таң қалдырып өнеріне

Бәрі билеп береді.

**Жүргізуші:** Олай болса Ақшақар қыз сен біздің кішкентай ақшақарлармен билеп алсаң болады.

**Би: «Ақшақарлар»**

**Билейтіндер:** Қыздар барлығы.

**Жүргізуші:** Балалар қараңдаршы Ақшақар қызымыз кішкентай болып кетіпті. Тез, тез оны жәшікке салып қояйық, аю көріп қоймасын.

**Аю:** Ақшақар қыз тоқаш пісіріп қойыпты ғой. Мен оны балаларға апарайын. (Шыршаны айналып шығады).

Мен шаршап қалдым, кішкене дем алайын. (Аю тоқаштарымды жеп қойма, мен саған қарап тұрамын) Ақшақардың көзі жақсы көреді екен, мен тоқаштарды жемеймін. Жоқ жол алыс екен, мен кішкене ұйықтап алайын.

Менің тоқаштарымды құстар жеп қоймау үшін мен жемсалғышқа жем салып қояйын.

**Аю:** Қараңғы батып кетті. Мен енді жолды таба алмаймын, тоқаштарымды апара алмаймын. Көмектесіңдер Аяз-Ата, ау-ау-ау естимісің мен сені шақырып жатырмын.

**Аяз – Ата:** Естимін, естимін, мен келе жатырмын.

Амансыңдар ма, балаларым?

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың,

Шаршап келдім алыстан,

Өздеріңе оралдым.

Бар сыйлығым жоралғым,

Керемет бір ән тыңдап,

Келіп тұр –ау демалғым.

**Ән: «Жаңа Жыл»**

**Аяз – Ата:** Рахмет, балалар. Ризамын сендерге.Менімен ойнағыларың келе ме? Қане орындарыңа отырыңдар. Мен сендерді қатырып тастаймын.

- Мені біреу көмекке шақырды ғой. Әлде шалыс естідім бе, екен.

**Аю:** Ол мен сізді шақырған. Сәлеметсіз бе Аяз-Ата, мен сіздің Ақшақарыңыз пісірген тоқаштарды балаларға апара жатып, адасып қалдым.

**Ақшақар:** Мен мұндамын жәшіктің ішіндемін.

**Аяз – Ата:** (Ақшақарды алып) Балалар Ақшақар неге кішкентай болып кеткен?

**Жүргізуші:** Аяз – Ата Ақшақар сізді іздеп жүргенде, аюға кез болды. Ал аю болса оны жібермеді. Сондықтан ол кішкентай болып кетті.

**Аяз – Ата:** Аю сен неге Ақшақарды жібермедің?

**Аю:** Мені кешіріңдерші, мен енді қайталамаймын.

**Аяз – Ата:** Енді не істейміз, Ақшақарды қалай үлкен қыламыз.

**Ақшақар:** Балалар шапалақтасын, ал енді аяқтарымен тарсылтадсын, енді қатты үрлесін. Рахмет сендерге сендер барлығың сиқыршы екенсіңдер.

**Аяз – Ата:** Балалар сендер менімен ойын ойнағыларың келе ме?

**Балалар:** Иә.

**Аяз – Ата:** Ақшақар сенде тоқаштардан басқа не бар?

**Ақшақар:** Менде тек тоқаштар ғана бар.

**Аяз – Ата:** Ендеше осы тоқаштармен ойын ойнайық.

**Ақшақар:** Тоқаштармен ойнауға болмайды ғой.

**Аяз – Ата:** Ендеше мен қазір тоқаштарды қарларға айналдырып жіберейін. (Қарларды жерге шашады).

**Ойын: «Қарлар»**

**Жүргізуші:** Ойын ұнады ма балалар.

**Аю:** Балалар мен де сендермен билегім келіп тұр. Сендермен бір билеп өз орманыма қайтайын.

Би: «Аңдар»

Аю: Балалар Аяз-Ата, Ақшақар сау болыңдар.

**Жүргізуші:** Аяз-Ата біздің балалардың биін тамашалаңыз.

**Би: «Крутые парни»**

**Жүргізуші:** Аяз-Ата біздің қыздар да жігіттерімізден қалыспаймыз дейді енді қыздарымыздың биін тамашалайық.

**Би: «Шығыс биі» (Барлық қыздар)**

**Аяз –Ата:** Балалар мен сендерге сыйлықтар алып келдім. Қане сол сыйлықтарымды таратайын .

**Жүргізуші:** Балалар ол үшін қане шетімізден ортаға шығып Жаңа Жылға жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

**А. Даяна:**

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын

Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

**И. Асылжан**:

Міне тағы келіп тұр,
Жаңа бір жыл балалар.
Жадыратып жер үстін
Төрімізге ол шыққан.

Полина, Абдумалик, Богдан

**С.Фахридин**

Жаңа жыл, жаңа жыл.

Жаңа жылда-жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында

Жадырап бар бала жүр.

**Т.Ерасыл**

Аяз Ата ойды қырды
Аралап жүр түгел шолып.
Қарсы алғалы жаңа жылды,
Ол да көптің бірі болып.
Қайда қызық болса думан,
Аяз Ата сонда болды.
Күндіз үйде ойнап бізбен,
Балалармен бірге болды.

**Ю.Руслан**

Ақ қар жапты даланы
Ақ жамылды айнала
Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға

**С.Дастан**

Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз.
Ән шырқайық баршамыз

**О.Батыр**

Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жаңа-жыл
Ата-әже, ата-әже
Құтты болсын жаңа жыл

**А.Асия**

Басталарда жаңа әлем,
Құйылады жаңа нұр.
Жүрекке арман бөлеген,
Қош келіпсіз, жаңа жыл!

**М.Нүргелді**

Аспан жерге төгеді
Ак күмісін уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстап

**С.Мадина**

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

**Т.Али**

Жаңа жылда, балалар,
Тек қуаныш көріңдер.
Ауырмаңдар ешқашан,
Мықты болу өзіңнен.

**С.Асылай**

Қар жамылған
Маужырайды түнгі аспан.
Кел билейік, үйренейік
Ол келгенше Жаңа Жыр.
Құтты болсын, құтты болсын
Құтты болсын Жаңа жыл.

**А.Асия**

Жаңа Жылдың түнінде
Шамын жақ та үміттің-
Ойың болса  түңілген
Жағып жібер, ұмыт қыл.

**Н.Рамазан**

Жаңа Жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле, Төрлет Жаңа Жыл
Бізге құтты жыл болсын!

**У.Қайрат**

Жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз,
Жаңа Жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз

**О. Нұрсамал**

Жаңа Жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз,
Кел Жаңа Жыл біздерге
Кел Жаңа Жыл, Жаңа Жыл!

**М.Жанерке**

Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз
Кел Жаңа жыл біздерге
Кел Жаңа жыл жаңа жыл.

**Жүргізуші:** Осымен біздің ертеңгілігіміз  аякталды. Қош сау болыңыздар.

**№ 53 «Ер- Асыл» бөбекжай бақшасы**
**Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы**

# 1 Мамыр

**Оқу қызметі:**
**Тақырыбы: «Достық мерекесі»**



**Тәрбиеші: Сабанбаева Э.С.**

**2021 ж**

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта
Ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті: Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Достық мерекесі»
Мақсаты: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету.
Әдіс – тәсілі: Сұрақ – жауап, түсіндіру, ойын, ән айту.
Көрнекілігі: Әр ұлт өкілдерінің суреттері, ДУД, теледидар, сурет салу құралдары.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы:<br><br>Іздену ұйымдастырушы: | - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Дұрыс айтасыңдар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші. Жарайсыңдар, сендер жақсы біледі екенсіңдер, естеріңе жақсы сақтап қалыпсыңдар. Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі.<br><br>- Балалар біздің ұлтымыз қандай?<br>- Біз қай тілде сөйлесеміз?<br>Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол | Көктем мезгілі.<br><br>8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз, наурыз мерекесі.<br><br>Қазақ<br>Қазақ тілінде. |

| | | |
|---|---|---|
| | сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады.<br>Қане балалар бәріміз экранға қарайық.<br>1 – слайд: Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру.<br>Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмасада, Қазақтардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді.<br>2 – слайд: Экраннан Елбасы құттықтауы мен Астана қаласы орталық алаңда өткізіліп жатқан шеруді тамашалау. (түсіндірме беру)<br>Ертең 1 мамыр мерекесі. Біздің де Қазалы халқы орталық алаңға осындай салтанатты шеруге шығады. Әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін көрсетеді.<br>Балалар, мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар?<br>- Дұрыс айтасыңдар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымыздың суретін салайықшы.<br>- Жалауша қандай пішінге ұқсайды?<br>- Түсі қандай болады?<br>- Ал шар қандай пішінге ұқсайды?<br>- Түстері қандай болады?<br>Жарайсыңдар балалар, жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалақ, сопақша болады екен.<br>Қане алдарыңдағы қағазға өздеріңе ұнайтын шар мен жалаушаның суретін салайық.<br>Сергіту сәті: | Шар, жалауша.<br>Тіктөртбұрышқа<br>Көк болады.<br>Домалақ, сопақша.<br>Қызыл, көк, жасыл, т. б.<br>Балалар өз қалаулары бойынша ұнайтын суреттерін салады.<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттың баласы,<br>Достығымыз |

<table>
<tr>
<td>Рефлексивті коррекциялаушы:</td>
<td><br><br>Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?<br><br>Жарайсыңдар балалар, бүгінгі оқу іс - әрекетіне жақсы қатыстыңдар. Бір – біріңе деген достықтарың мәңгі болсын, ата – аналарың аман болсын. Біздің достығымызды білдіретін «Достықпен» әнін айтайық.</td>
<td>жарасқан<br><br>Ырыс алды – ынтымақ.<br>Бірлік болмай, тірлік болмас.<br>Ұрыс, ырысты қашырар<br>Ынтымақ, халықты асырар.</td>
</tr>
</table>

№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

Тақырыбы:

# Армысың,Ұлы жеңіс!



Тәрбиеші: Сабанбаева Э

Артыкова А

Шымкент қаласы

2020-2021 оқу жылы

Армысың,Ұлы жеңіс!

«Ұлы жеңіс жасасын»
Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік істерімен, таныстырып, ой өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.
Ән: Ән ұран.




Көрнекілігі: Ұлы Отан соғысы туралы кітаптар, батырлар суреттері.
Тәрбиеші: Соғыста Кеңес Одағының бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында млн қазақстандықтар болған. Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мамбетова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Бауыржан Момышұлы екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы қазақтың көрнекі жазушысы.
- Балалар Отан - туған жер туралы тақпақтар.
Айнара
Отан үшін жанымызды береміз,
Отан үшін барлығына көнеміз.
Отаның да, ананың да алдында,
Осы өмірде парызды өтеп кетеміз.
Шұғыла
Сарқылмайтын қуатым,

Тірегімсің сен Отан.
Мәңгі соғып тұратын,
Жүрегімсің сен Отан.
Шора
Туған жерде толамыз,
Ертең жігіт боламыз.
Отан ортақ үйіміз,
Көңілді ән мен күйіміз.
Ұлана
Отан - сенің, ата - анаң,
Отан - досың бауырың.
Отан - өлкең, астанаң,
Отан - аудан, ауылың.

Әрқашан күн сөнбесін әні. Балалардың орындауында.

Жанерке
Бақытты боп жүргенім,
Сенің арқан, Ұлы Отан.
Елім менің - тірегім,
Құшағынды гүл атам.
Дияр.
Асыр салған таласып,
Біз туған ел - баласы.
Қандай байтақ - Отаным,
Жан - жағына қарашы.



Журавли биі.

Ажар.
Отаным - кең көсілген,
Төсінде ырыс өсірген.
Қаптаған шал, алып дән,
Бәрі менім несібем.

Тәрбиеші:- Иә сұралып соғыс ешкімді аямады. Ана жарынан айырылды, бала әкесінен айырылды. Бірақ үміт оты еш өшкен жоқ. Бала әкесін күте бер. Дүние жүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымың тереқ сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті.

Арылтып жаудан жеріңді,
Табанға жаншып өлімді.
Жеңіспен желпіп өмірді,
Оралды ерлер көңілді,
Десеңдер бұл қай күні.
Тоғызыншы мамыр күні!

- Балалар жеңіс туралы кім тақпақ айтады.

Адия.
Жеңіс, жеңіс естіледі жалынды,
Жеңіс, жеңіс қоңыраулар қағылды.
Күн парақтар қып - қызыл боп ашылды.
Жеңіс келген тоғызыншы мамырды.

Самғат.
Домбырада саусақтары жаралы,
Жеңіс, жеңіс атам әнге салады.
Шаршағанда аңсағанда жас шағым,
Жеңіс деген сөзден ләззат алады.

Әлішер.
Ағайлардан, апайлардан, інімнен,
Жеңіс сөзін көп естідім мен бүгін.
Сәл күбірлеп жеңіс, жеңіс деп едім,
Жазылғандай әжем белі бүгілген.

Жамиля.
Жадыраңқы бүгін қабақ ашылған,
Жаса жеңіс мұң қайғыны қашырған.
Мен жеңістің көріп тұрмын алауын,
Жаңарладан алтын шуақ шашылған.

Тәрбиеші: Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыз: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәмбетова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов.

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын, қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақ өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап

қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, шаттана күлгеніміз бәрі де сол Ұлы Отан соғысы жеңісінің жемісі. Әрине соғыс болмасын!
Біздер соғысқа қатысып батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім, өз жеріміздің, патриоттары болайық.
Ән. Жеңіс күні.
Тәрбиеші: Балалар, біздің шекараны кім қорғайды?
Балалар: Солдаттар.
Шекарада солдат тұр,
Ел бақытын қорғап тұр.
Көңілденсін ағалар,
Амандық хат жолдап тұр.
Ән: Бұл шақта.
Тәрбиеші: Осымен «Армысың Ұлы жеңіс» атты ашық тәрбие сағаты аяқталды.

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы

# ЕРТЕҢГІЛІК

## Тақырыбы: «Ана – гүл, ана- жыр, ана- өмір шуағы»



Тәрбиеші: Сабанбаева Э.С.

Артыкова А.А.

2022 жыл.

# «Ана – гүл, ана - жыр, ана - өмір шуағы»

Шығу:

Інкар Асылжан

Жанерке Русик

Мариям Максим

Нурсамал Дастан

Асия Нургелді

Жания Мағжан

Мадина Қайрат

Даяна Фахридин

**Жүргізуші:** Біздің сүйікті, асыл аналарымыз, көктем көзін сіздермен бірге мейірімді етіп ашуда, Сіздердің мейрімдеріңіз жүрек жылытады . Бүгін сіздерді мерекелік бағдарламамен «Қызғалдақ » тобының тәрбиеленушілері құттықтауда, қазір тікелей эфирден олардың құттықтауларын қабыл алыңыздар.

«Тікелей эфир» видео корсетілім. (Топтағы барлық аналармен чат ашып қою алдын-ала).
Ортаға Рамазан, Мағжан, Асылжан, Ерасыл, Имран, Али шығады.
Көп ойландық, сыйлықты біз іздедік, (Рамазан)
Айтыңдаршы қай дүкенді көрмедік. Иә, иә,иә (Мағжан)
Джакузиге ақша жоқ, (Асылжан)
Турцияға да билет ала алмадық, (Ерасыл)
Мерседеске әкем ақша бермеді, (Имран)
Не сыйлаймыз аналарға біз енді. (Али)
**Жүргізуші:** Бүгін тек сіздер үшін «Қызғалдақ»телеарнасы жұмыс жасайды. Бүгінгі «Ана – гүл, ана - жыр, ана - өмір шуағы» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады.
**Ән**: «Құттықтаймын мама»
(Ән біткен соң балалар орындыққа отырады )
**Жүргізуші:** Балалар қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда. Адамдарға қуаныш сыйлайтын сиқыршы көктем. Олай болса мерекеге көктемді шақырайық.
Музыка әуенімен залға (Көктем) кіреді.



**Көктем:** Дала гүлге бөленеді.
Қуанышқа кенеледі.
Орман, торғай, бақтарда
Өйткені мен көктеммін
Құстар сайрай жөнеледі.
Шұғыламды төккенмін.
Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Денсаулық, қуаныш, сұлулық тілеймін.

**Жүргізуші:** Сиқыршы көктем, біздің шақыруымызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рахмет. Біздің балалар сізге арнап «Көктем» әнін орындап берсек дейді.

**Ән: «Көктем»**

**Көктем:** Мен қалай келмеймін. Бүгін сондай керемет күн - әжелер мен аналар мерекесі. Балалар мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр. Қане, балалар мен сендердің әже, аналарыңның есімдерін білгім келеді.

**Жүргізуші:** Әрине біздің балалар әже, аналарыңның есімдерін біледі.
(Балалар жауап береді)

**(Балалар шетінен аналарының, әжелерінің есімдерін айтып шығады).**

**Көктем:** Қандай керемет есімдер. Көп - көп рахмет балалар сендерге.
(Осы кезде көктемнің телефоны шақырады).

**Көктем:** Ия, не сұрақ жапырақтар шықпай жатыр ма? Жануарлар оянбай жатыр ма? Оларға көмектесу керек. Қазір ұшып барамын. Мінекей балалар менің басқада жұмыстарым бар, маған кету керек. Бірақ мен сендерге босқа келмедім. Мен сендерге сиқырлы кітап тарту етемін. Міне ол. Аналарыңмен бірге оқыңдар. Сау болыңдар.



**Жүргізуші:** Қандай қызық кітап. Ой аша алмай жатырмын, мұны кілтпен ашу керек екен. Ә, міне кілті. (Кілтті осы кезде бұзақы бала тартып алып кетеді). Кім бүгін бізбен қалжыңдасуға келген?

**Бұзақы бала**: Ол мен бұзақы бала. Сендерде не болып жатыр? Мен бұзақылық жасаған кейін анам мені далаға қуып жіберді.

**Жүргізуші:** Ананың мазасын алатындай күн емес қой бүгін. Бүгін олардың мерекесі. Сондықтан сен Бұзақы бала бізбен бірге ертеңгілікте өлең айтып, би үйреніп, ананды құттықта.

**Бұзақы бала:** Ойқандай жақсы балаларсыңдар. Міне сендердің кілттерің.

**Жүргізуші:** Ал енді кітапты ашайық. (Сиқырлы әуенмен кітап ашылады). Балалар бұл кітапта былай жазылыпты. Балалар сендердің балабақшаларыңның бұрышына кәмпитті ағаш қоюып кеттім. Әр бұтасында кәмпит өсіп тұрады. бұл жәй кәмпит емес, онда не жасырынған екен. Қане Көктем қойып кеткен ағашты залға алдырайықшы. (Кәмпиттерді ашу)

**Бірінші кәмпит ән.**

Ән: «Жанерке мен іңкардың орындауында ана туралы әнді қабыл алыңыздар»

**2. Екінші кәмпит би.**

**Би: «Өзбек биі»**



Жанерке, Інжу, Нурсамал, Жания, Асия, Мариям, Мадина, Даяна

**3. Үшінші кәмпит тақпақтар**

« Тақпақтар»

**4. Төртінші кәмпит би**

«Кел билейік» Ұл балдар.

Дастан, Асылжан, Ерасыл, Русик, Рамазан, Нургелді, Мағжан, Имран, Қайрат, Фахридин, Максим, Али





**5. Бесінші кәмпит қоштасу.**